

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. Ахпанов А.Н. Пределы правоограничений личности в уголовном судопроизводстве: научные труды Карагандинского юридического института МВД РК.- 2003, 5 с.
3. Томин В.Т. Острые углы уголовного судопроизводства. - М., 1991, 118 с.
4. Иншаков С.М. Зарубежная криминология. М., 1997, 319-320 с.
5. Бутов В.Н. Уголовный процесс Австрии. - Красноярск, 1988, 77-78 с.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ ҮШІН ЖЕРЛЕРДІ АЛЫП ҚОЮДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Калтаева Арман Тлеубердиевна

armanai-75@yandex.ru

Экологиялық және кәсіпкерлік құқық кафедрасының аға оқытушысы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультеті

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Бірінші кезекте, әсіресе баға қалыптастырудың ашық механизмдері арқылы тиімді жер нарығын құру маңызды. Ауылшаруашылық жерлерін инвестиция тарту және озық технологиялар енгізуді ескеріп жалға бергенде ғана бәсеке күшейеді. Ауыл шаруашылығында бизнестің дамуына, фермерлер кооперациясы үдерісіне, жерді тиімді пайдалануға бөгет жасайтын барлық кедергіні жойған жөн.», - деп атап өтті [1].

2015 жылдың 20 мамырында «Егемен Қазақстан» газетінде еліміздің мемлекеттілігін нығайтуға әрі күрделі кезеңнен сенімді өтуіне қажетті Елбасының бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға ұсынған «100 нақты қадам, баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» стратегиялық жоспары жариялады.

Мұнда ең көп бағыттар үшінші салаға: индустрияландыру және экономикалық өсім саласына арналып, жер қатынастарына қатысты ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу; Жер кодексіне және басқа да заң актілеріне өзгерістер енгізу; жер телімдерін мақсатты пайдалану түрін өзгертуге рұқсат алу ресімдерін жеңілдету; ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу; барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта жекешелендіру үшін мемлекеттік қорға беру міндеттері көзделген [2].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабының 3-тармағына сәйкес «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ [занда](#) белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.» [3].

Жер қоршаған ортаның ең маңызды объектісі болып табылады, барлық адамзаттың өмір сүруін қамтамасыз етудің негізі мен шарты болып келеді [4]. Жерлерді мемлекет қажеттіліктері үшін мәжбүрлеп алып қою институтын зерттеуде аса маңыздысы келтірілген шығындарды толық өтеу, өйткені әлемдік экономикалық дағдарыс орын алғанына қарамастын біздің мемлекетіміз азаматтық айналымға жататын, өзінің иесі бар жер учаскелерінде жаңа кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді салу үрдісін тоқтатпайды. Қазақстан Республикасының жер заңдарындағы жерлерді мемлекет қажеттіліктері үшін мәжбүрлеп алып қоюға байланысты туындайтын мәселелер бойынша барлық жағынан терең және жан-жақты талқылау негізінде жетілдіру маңызды болып отыр. Жерлерді мәжбүрлеп алып қоядан туындайтын мәселелер Қазақстан үшін аса маңызды, бұл Астананың көшірілуіне, жаңа астананың қарқынды құрылыс алаңына айналуына, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолының салынуына, Астанада халықаралық мамандандырылған «EXPO-2017» көрмесінің өткізілуіне байланысты. Бүгінгі күні Астана қаласында халықаралық мамандандырылған көрмесі «EXPO-2017» құрылысын салуда жер учаскелері мемлекет қажеттіліктері үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда. Осы ретте, Астана қаласында құқықтық реттеудің негізгі өзекті мәселе жер учаскесін мемлекет қажеттіліктері үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару

болып отыр.

Нарықтық қоғамда жер учаскесін мемлекет қажеттіліктері үшін сатып алу және алып қою арқылы кешенді өнеркәсіп, қала және қала құрылысын нарық қиыншылығының құрсауынан шығаруға және дамуға байланысты үлкен экономикалық үміт артып отыр. Заң әдебиеттерінде меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін сатып алу және алып қоюға байланысты құқықтық шараларды жетілдіру мен дамыту қажеттілігі көп айтылып жүр. Себебі, нарық заңнамалары қала құрылысы мен коммуналдық жүйелерді жаңарту мемлекет қаражаты есебінен жүзеге асырғаннан гөрі, жер учаскелері үшінші тұлғалардың, яғни инвесторлардың мүддесі үшін мемлекет мұқтаждықтары үшін сатып алу арқылы жүзеге асырған тиімді екендігін анық дәлелдеп, оның өміршеңдігін көрсетті. Сол себепті жер құқығы ғылымының ең өзекті бағыттарының бірі жер учаскесін мемлекет қажеттіліктері үшін иеліктен шығарды құқықтық реттеу теориялық мәселелерін зерттеуде және осы жерлерді мемлекет қажеттіліктері үшін алып қою және сатып алу негіздері мен мақсатын жүзеге асыру үшін, ең алдымен «мемлекет қажеттіліктері» деген ұғымды анықтау қажет.

Заманның өзгеруіне байланысты мемлекет қажеттіліктері үшін жер учаскесін сатып алу және алып қою үрдісінің қоғамдық өмірдегі маңызы оны мүліктік-құқықтық тұрғыда қарастыруды талап етіп отыр. Бұл тұрғыда жер учаскесін мемлекет қажеттіліктері үшін сатып алу және алып қоюдың мақсаты жер учаскесін сатып алуда немесе белгілі бір топтың мүддесі үшін пайдалану емес, оны қоғам мүддесі үшін туындаған қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында пайдалану.

Осылайша мемлекеттік қажеттіліктері үшін жерлерді мәжбүрлеп сатып алуға және алып қоюға байланысты құқықтық қатынастарды процессуалды және құқықтық реттеу, осы саладағы кейбір кемшіліктерді жоюға көмектесетін кеңестерді азаматтық құқық ғылым саласында кең зерттеудің маңыздылығы орын алып отыр. Қазақстандық ғалым-заңгерлердің жер учаскесін мемлекет қажеттіліктері үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың құқықтық табиғатын әр қырынан, жан-жақты ашуға негіз болған көптеген құнды ғылыми еңбектері жарық көрген. Олардың ішінде мемлекет қажеттіліктері үшін сатып алу және алып қою бойынша оның құқықтық мәртебесін, жүргізілу рәсімдері мен негіздерін, меншік құқығы мен жер пайдалану құқығының тоқтатылу негіздеріне, келтірілген шығындарды өтеуге байланысты мәселелерді зерттеген: Б.Ж. Әбдірайым, С.Б. Байсалов, Ә.Е. Еренов, А.Е. Бектұрғанов, Д.Л. Байдельдинов, Л.К. Еркінбаева, Ж.Х. Қосанов, А.Х. Хаджиев, Н.Б. Мұхитдинов, Ә.С. Стамқұлов және тағы басқаларын ерекше атауға болады. Қазіргі кезде қоғамымызда орын алып отырған жер дауларының басым бөлігі қолданыстағы заңдардағы олқылықтан емес, сол жер заңдарында қарастырылған мәселелердің дұрыс орындалмауынан болып отыр. Сол себепті жер учаскесі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өздеріне тиесілі жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін алып қою барысында меншік иесі немесе жер пайдаланушы ретінде ата заңымен кепілдік берілген өз құқықтарының толық қорғалуы жергілікті атқарушы органдар мен сот органдарының өз міндеттерін жүйелі түрде, заңға сәйкес жүзеге асыруына байланысты. Жер учаскелерін мемлекет мұқтаждары үшін алып қоюға байланысты туындап отырған дау-дамайларға осы жерге орналастыру аясындағы заңдардың өрескел бұзылуы мен жергілікті атқарушы органдардың заңдарға қайшы шешімдер қабылдауынан және мұндай шешімдердің заңдылығын қадағалау тетіктерінің толық жетілмегені де жол беріп отыр[5].

Аталған мақсатқа жету мынадай міндеттерге көңіл бөлуді қажет етеді:

- жерлерді мәжбүрлеп алып қоюға байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасы жер заңнамасын тарихи-құқықтық талдау;
- жер учаскесін мемлекет қажеттіліктері үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ұғымын және оның принциптеріне анықтау;
- жер учаскесін мемлекет қажеттіліктері үшін сатып алу және алып қоюдың жүргізілу ерекшеліктерін зерттеп, оларға заңды анықтама беру;
- жер учаскесін мемлекет қажеттіліктері үшін сатып алу және алып қою үшін

негіздерді дәлме-дәл айқындау және өтемақыны, келтірілген залалды төлеу тәртібін анықтау;

- Қазақстан Республикасының жер заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар мен кеңестер дайындау, шет мемлекеттердің тәжірибесін қарастыру.

Мақала бойынша нақты ұсыныстар:

- «мемлекет мұқтажы» сөзін «мемлекет және қоғам мұқтажы үшін» сөзімен ауыстырғанды дұрыс;
- тараптар арасында ішінара келісім рәсімін жасауды бекіту;
- «меншік иесіне азаматтық-құқықтық мәміле бойынша немесе сот шешімі бойынша өткен, мемлекет мұқтаждығы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны азаматтық-құқықтық шартта немесе сот шешімінде көрсетілген, бірақ нарықтық құнынан аспайтын мөлшерде айқындалады», - деген заң нормасын қолданыстан алып тастау;
- жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудағы көздеген мақсатына жету үшін және көп уақытты қамтамасыз етілу деңгейінде кепілдік беру;
- алып қойылған мақсат бойынша белгілі бір мерзім ішінде жер учаскесі пайдаланылмаған ретте жер учаскесін бұрынғы меншік иесіне қайтарып беру;
- Қазақстан Республикасында арнайы мамандандырылған жер соттарын құру.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында меншік құқықтары мен шарттық міндеттемелердің қорғалуын күшейтуді талап етеді. Жер дауларына қатысушыларды соттық қорғалудың нәтижелілігін көтеру мақсатында, жер заңнамасын жетілдіру, жер қатынастары саласындағы жариялылық және жеке мүдделерді бөлетін нақты құқықтық критерийлерді белгілеу, жер қатынастары субъектілері, жердің жағдайы және олардың құқықтық режимі жөнінде ақпараттық қолжетімділікті қалыптастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы: Қазақстан Республикасының Президентінің ресми сайты – http://www.akorda.kz/kz/page/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhylhy-17-kantar (2015 ж. 28 мамыр).

2. Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы, «100 нақты қадам, баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» – <http://www.inform.kz/kaz/article/2777949> (2015 ж. 28 мамыр).

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (2015 ж. 20 наурыз).

4. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан (Общая часть). Учебное пособие. Алматы: Юрист, 2002. - 376 б.

5. Умирзаков П.К. Қазақстан Республикасында жерді мемлекеттік мұқтаждық үшін алып қою (сатып алуды) құқықтық реттеу: з.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 2008. – 25 б.

УДК 341.229

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО ГОСУДАРСТВ В ИССЛЕДОВАНИИ И ИСПОЛЬЗОВАНИИ КОСМИЧЕСКОГО ПРОСТРАНСТВА

Карибаева Жібек Әбуталипқызы

karibaeva.zhibek@mail.ru

студент 2 курса юридического факультета
ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Кулиспаева М.Ж.

5222